

Өзін-өзі тану пәнін оқытудың интерактивті әдістері

Орындаған: Алиева С.Л., п.ғ.м., 2 курс

Қабылдаған: Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент

Жоспар:

- Интербелсенді оқыту әдістері;
- Репродуктивтік білім беру әдістері;
- Өзін-өзі тану пәнін оқытудың интерактивті әдістері;
- Қорытынды;

Интербелсенді оқыту әдістері

Қазіргі оқыту үдерісінде «Әлеуметтік тәжірибе арқылы үйрену және үйрету» басты қағидалардың бірі ретінде қолданылады. 12-жылдық білім беру жүйесінің дәстүрлі мектептен айырмашылығының өзі де осында. Оқушы алған білімін өмірлік жағдаяттарда пайдалана алуы тиіс. Жалаң теориялық білім оқушыға қызмет ете алмайды, сол себепті оқытуда білім алушының әлеуметтік тәжірибесін арттыруға ерекше назар аудару керек, яғни оқу процесінде әлеуметтік мазмұн басым болуы қажет. Сабақта шәкірттер мен ұстаз коммуникативтік қарым-қатынас әрекетінің белсенді мүшесіне айналады. Мұндай қарым-қатынаста әрбір шәкірттің өзіндік өмір тәжірибесінің алатын орны ерекше. Сол себепті оқу мазмұны өмірлік тәжірибелерге негізделсе, оқушыда қызығушылық пен ықылас арта түседі. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын, тіпті көркем туындының қайсысын болмасын оқытуда шығарманың мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін, образдар жүйесін талдау жұмыстарын «неге?», «неліктен?», «олай болса, сен не істер едің?» және т.б. сұрақтармен, мысалдармен нақтылай отырып ұйымдастыруға болады. Сондықтан әдебиетті оқытуда «өмірді оқыту, үйрету, өмірден үйренуге оқыту керек» - деген мәселеге сәйкес дәстүрлі *репродуктивті білімді құрастырылған (конструктивтік) білім берумен ұштастыру* көзделеді.

Репродуктивті білім беру әдістері

Репродуктивтік білім дайын оқу материалын белсенді, ырықсыз түрде қабылдау дегенді білдіреді. Оқушылар бұл білімді сіңіргенде ешқандай ізденуші немесе зерттеу жұмысын атқармайды, оның қажеттілігі туралы ойланбайды, тек сырттан берілген ақпаратты механикалық түрде ғана қабылдауға тырысады. Күнделікті өмірмен байланыспаған мұндай білімнің қажеттілігі шамалы ғана болады, өйткені, үйренушілер оны өз өмірінде қалай қолданатынын білмейді. Репродуктивтік білім оқу жоспарларын жүзеге асыратындықтан оны «бағдарламацентристік» оқыту деп те атайды. Ал құрастырылған *конструктивті білім* аты айтып тұрғандай білімнің үйренушіге дайын күйде берілуі мүмкін еместігімен және әр оқушының қоршаған әлем, өмір туралы өзіндік түсінік құрастыруымен ерекшеленеді.

Педагогикада конструктивті білім білім үйренушінің өзіндік ойлары, идеялары, түсініктері, көзқарастары, дүниетанымы, пікірі, сұрақтары мен жауаптары, дәлелдері, ұстанымдары, уәждері мен ұстанған құндылықтары деп түсіндіріледі. Ал оның бәрін де үйренушілердің өздері әрекеттер мен ойлану арқылы құрастырады, жасайды. Мұндай жағдайда ұстаз үйретпейді, ол тек шәкірт тарапынан білімді өздігімен игерудің жағдайларын ғана жасайды. Оқытудың нәтижелік сипатының құзыреттіліктермен өлшенуі де осыған байланысты.

Репродуктивтік (дәстүрлі) білім	Конструктивтік (құрастырылған) білім
<p>Барлық оқушыға бірдей талап қойылады</p> <p>Дайын оқу материалдарын меңгеру</p> <p>Нақтылықты талап ететін оқу әрекеттері</p> <p>Берілген мазмұнды бағдарлама, оқулық, кітаптар бойынша оқып үйрену</p> <p>Оқыту арқылы біліктер мен дағдыларды қалыптастыру</p>	<p>Оқытуды оқушының тұлғалық дамуына,өзін-өзі жетілдіруіне бағыттау</p> <p>Ашық және еркін түрде әрекеттесу</p> <p>Әлеуметтік тәжірибе арқылы үйрену</p> <p>Өмірде қажетті мақсаттарға жету үшін құзыреттіліктерді меңгеруге үйрету</p> <p>Инновациялық мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалану, технологияларды меңгеру</p> <p>Әлемнің күнделікті өзгерістерге толы динамикасын түсінуге ұмтылу</p>

- Оқушылардың өз мүдделерінің қызығушылығынан туындайтындықтан бүгінгі оқыту үдерісінде конструктивті білім кең қолданыс тапқан. Конструктивті білім беру үшін оған сай оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану қажет. Бүгінгі мұғалім дәстүрлі оқытуды сақтай отырып, соны әдістемелер арқылы білім беруді мақсат тұтады. Бұл ретте *интербелсенді оқу және интербелсенді оқыту әдістері* алға шығады. Интербелсенді оқыту – өзара әрекеттесу, үйрену мен үйрету арқылы білімді меңгертуге және нақты нәтиже алуға бағытталған оқыту әдістемесі. Интербелсенді оқыту мұғалім мен оқушының оңтайлы, тиімді қарым – қатынасына негізделіп, үйренуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуіне құрылады.

- Ал интербелсенді оқып үйренуде оқушылар төмендегідей білім, білік, машықтарға үйреніп, дағдыланады:
 - дүниетанымдық тұрғыдан терең ойлану, жеке қабілеттерді дамыту;
 - өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
 - ақпаратты өздігімен түсініп, ішінен қажеттісін таңдап алу;
 - ақпаратты жан – жақты талдау;
 - өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
 - оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік көзқарас ұстану;
 - пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
 - басқа да балама пікірлерді ескеру;
 - шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
 - ұжымдық ортақ жұмысқа жұмыла білу;
 - басқалармен тиімді қарым – қатынас құру, өзара әрекеттесу.

• **Интерактивтік оқыту әдістері** – ұжымдық түрде өткізілетін, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген технология. Сонымен бірге бұл технология оқу үрдісіне бүкіл оқушылардың қатысуын талап ететін технология болып саналады. Интерактивтік оқыту технологиясы бойынша орындалатын жұмыстарды әдіскер-ғалымдар төмендегідей жіктейді:

1. Жұптасып жұмыс істеу.
2. Ротациялық (ауыспалы) үштік.
3. Карусель - Айналмақ.
4. Шағын топтармен жұмыс.
5. Аквариум.
6. Аяқталмаған сөйлем.
7. Миға шабуыл /Мозговой штурм/.
8. Броундық қозғалыс.
9. Есептеу ағашы /Дерево решений/
10. Өз атынан сот /Суд от своего имени/
11. Азаматтық тыңдау.
12. Рөлдік /іскерлік/ ойын.
13. Сығымдау әдісі /Метод пресс/.
14. Өз позицияңды ұстан.
15. Пікірталас.
16. Ойбөліс (дебат).

- Әдіскер-ғалымдар интерактивті оқыту технологиясын танымдық әрекетті ұйымдастыруға ықпал етеді деп есептейді. Себебі, интерактивті оқыту технологиясы оқушыны өздігінен ізденуге, өзінің жетіспей жатқан жақтарын жетілдіруге, қатесін зерделеуге итермелейді. Оқушылардың барлығы өздері білетін, ойлайтын нәрселері туралы ойлауға, оны қарай дамытуға мүмкіндік алады. Интерактивті оқыту технологиясында оқушы жаңа білім алып қана қоймайды, сонымен бірге оны үздіксіз жетілдіріп отырады.

- Мысалы, ойбөліс оқушы ізденісіне жол ашады. Оқушы мұғалімнің түсіндіргені мен айтқанын ғана меңгеріп қоймай, мұғаліммен тікелей пікірталасқа түсіп үйренеді. Пікірталасты сауал, сұрақ, мәселені талдау, талқылау, т.б. тәсілдер арқылы іске асыруға болады. Пікірталас тақырыптары әр түрлі көзқарасты қамтып, бірыңғай пікірге келмеген мәселелерді қамтуы тиіс. Оқушы белсенді рөл атқарушы емес, жетекші позицияға ие болады. Ол әлемді тануға, белгісіздікті анықтауға ұмтылады. Берілген проблеманың жауабын іздеп, шешімін табуға тырысады. Әр мәселе туралы пікір, көзқарастарды талдау арқылы салыстыра білуге, өзіне баға беруге, сын айтуға, көзқарасын білдіруге, пікірін нақтылап, өз сөзімен айта білуге дағдыланады. Оқушы мен мұғалімнің арасында тығыз байланыс орнайды. Дебат оқушы өз бетімен ізденуге, топ алдында еркін пікір айтуға, тілін дамытуға көмектеседі. Интерактивті оқыту технологиясы бойынша орындалатын тапсырмалар оқушылардың пікірін іркілмей айтуын, өз ойын дәлелді түрде жеткізе білуін, шығармашылық белсенділігінің жоғары болуын, өзіндік көзқарасын білдіруін, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуын, қажетті материалды ұтымды, дәлелді қолдануын қажет етеді.

•**Ойбөліс (дебат)** – оқушы тілін дамытудың бір жолы. Оқушы ойбөліс кезінде түрлі тақырыпта сөйлеуге, пікір таластыруға, өз ойын дәлелдеуге, басқаның пікірінің қате екенін дәлелдеуге жаттығу арқылы шебер сөйлеуге төселеді. Оқушыны дұрыс ойлауға төселдіріп, терең мағыналы пайымдаулар жасауға жетелейді. Карл Поппердің дебат технологиясы тілдік тұлғаның дамуына көмектеседі. Бұл технология оқушының шығармашылық белсенділігін арттырады, сонымен бірге зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады. Дебат технологиясына құрылған зерделік ойынға екі топ қатысады/бекітуші топ және даттаушы топ. Әр топтың құрамы да шектеулі болады/3-5 оқушы/. Дебат техникасы белгілі бір уақытты мөлшерлейді. Пән бойынша сабақ немесе сыныптан тыс шара осы уақытқа сәйкестендіріледі. Ойын топтардың бағытын анықтау үшін жеребе тартудан басталады. Бағыттары анықталған соң әр топтың дайындығына 15 минут уақыт беріледі. Тақырып күрделі болса, мұғалім тақырыптарды алдын-ала беріп қоюына болады. Бұл топ мүшелерінің көп материалдар жинауына, зерттеу жұмыстарын жүргізуге септігін тигізеді.

- Әр топқа дауыс беру үшін сыныптағы балаларды да екі топқа бөлуге болады. Топ мүшелерінің өз бағытын қорғай алуын бақылау үшін бір оқушы бақылаушы болады. Әр топ басшысы өзін және топ мүшелерін таныстырғаннан кейін әр топқа өз бағыттарын қорғауға 5 минут уақыт беріледі. Қарама-қарсы сұрақтарға 3 минут беріледі. Бұған бүкіл сынып оқушылары қатысуға болады. Бұл кезеңнің мақсаты – оппоненттердің сөзіндегі түсініксіз жайттарды нақтылау, қарсы топты қандай да бір сұрақтармен бағытынан жаңылдыру, кейін талдау кезінде осыны пайдалану. Оппонент сөзінен, тілінен, пікірінен кемшілік табу. Топтарға қосымша дайындыққа 8 минут уақыт беріледі. Ең соңында бақылаушы екі топтың өз бағыттарын қалай қорғағандарына талдау жасайды. Жеңімпаз топ айқындалады.

Қорытынды:

- Интербелсенді оқыту бірлескен жұмысқа негізделетіндіктен оқушылардың креативті ойлау, мобильді шешім қабылдау, өзінің де өзгенің де жұмысын дұрыс бағалай алуына мүмкіндік беріліп, нәтижелі жұмысқа жағдай жасалуы керек. Оны әлбетте мұғалім ұйымдастырады. Оқытуды ұйымдастыру мен оқуға үйрету мұғалім қызметімен байланысты. Мұғалім үйретеді, білімді жеткізеді, оқытуды ұйымдастырады, үйренуге жағдай жасайды. Алайда, қазіргі оқытуда оқушы өзі оқиды, білімді ізденеді, үйренеді, қолданады. Сондықтан интербелсенді оқуда оқушының өзіндік әрекеттері бірінші кезекте тұрады.